# ҚАЗГЗУ ТАРИХЫНАН
## (ҚАЗГЗУ МУЗЕЙІ ҚОРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)



И. Б. МЕДЕШЕВА,
ҚазГЗУ музейінің директоры, т.ғ.к.

Мақала тәуелсіздік алғаннан кейін ашылған ҚазГЗУ-дің тарихына арналған. ҚазГЗУ мұражайы материалдары мен мұрағат қоры негізінде университеттің қалыптасуы мен даму тарихы сипатталған. Мақалада оқу орнының ректорлары, Алматыдағы университеттің дамуы және оның Астана қаласына көшірілуі, жаңа оқу ғимараты құрылысы, оқу және ғылыми жұмыстардың жетілдірілуі, халықаралық байланыстардың кеңеюі, Қазақстандағы құқықтық реформаны іске асырудағы ролі көрсетілген.

*Түйінді сөздер: Елбасының жарлығы, ҚазГЗУ ректоры, абитуриент 2014, ҰБТ, Қазақстанның ең үздік университеті, университтеттің миссиясы, ҚазГЗУ-гі ғылым, стратегия, ҒЗИ, заң білімі.*

Қазақ гуманитарлық заң университетіне 2014 жылдың 14 наурызында 20 жыл толды. Университет тарихы дереккөздерін: ресми құжаттар, естелік-қолжазбалар, фото, видео материалдар құрайды. Университет мерейтойларына арналған: университет басылымдары, ғылыми-көпшіліктік бағыттағы кітаптар, жылнамалық-кітапшалар мен мақалалар құнды тарихнамалық деректер болып есептеледі.



ҚазМЗИ алғашқы ғимараты. Алматы қ., (Абай даңғылы, 50 «а»)

© И. Б. Медешева, 2014

Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің тарихы 1994 жылдың 14 наурызындағы ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ҚР Әділет министрілігіне қарасты Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы №1591 Жарлығынан басталады. Жарлықта, құқық реформасын жүзеге асыру және республиканың заң кадрлары жөніндегі қажетін қанағаттандыру, заң білімін дамыту мен оның сапасын арттыру мақсатында ашылған «Қазақ мемлекеттік заң институты мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына, сот және құқық қорғау органдарына, шаруашылық жүргізуші объектілерге заңгерлер даярлауға арналып мамандандырылады» деп анықталады. Осы Жарлық негізінде 1994 жылдың 26 мамырында ҚР Министрлер Кабинетінің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын ашу мәселелері» №564 Қаулысы жарық көреді.

1994 жылдың 17 наурызындағы ҚР Әділет министрлігінің бұйрығымен з.ғ.к Нұрпеисов Еркеш Қалиұлы ҚазМЗИ ректоры болып тағайындалады.

Ректор Е.Қ. Нұрпеисов 1994 жылдың 21 наурызында институттың: профессорлық-оқытушылық құрамы - 200, әкімшілік-басқару персоналы – 63, қызмет көрсету персоналы – 107, қосалқы-басқару персонал – 99 адамнан тұратын штатын бекітеді.

1994 жылдың 12 мамырында жаңа оқу орны Алматы қаласының Абай даңғылындағы, кезіндегі жобалау институты ғимаратына орнығады, ал 1994 жылдың 12 тамызында №30311594 тіркеуден өтіп, ҚР мемлекеттік реестріне қосылады.



ҚазМЗИ ашудағы белсенді қайраткер, ҚР Әділет министрі Шайкенов Н. А.



ҚазМЗИ алғашқы ректоры Нұрпеисов Е. К. (17.03.1994 – 30.10.1996). 2014 г.

Жаңа Заң институты туралы ақпарат кеңінен тарап, алғашқы халықаралық деңгейдегі: 1994 жылдың 18 мамырында Еуропа Одағы (Брюссель қ.) қаржыландыратын «Темпус» халықаралық бағдарламасына қосылуға ұсыныс жасаған Ж. Лебюлеранже, К. Ле-Мужен Ренн-1 университеті (Франция) профессорларымен және 1994 жылдың 21-24 маусымында Д. Валлас, А. Шин Халықаралық құқық институты (АҚШ, Франция) профессорларымен кездесулер басталады.

1994 жылдың қыркүйегінде оқу процессін ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі іс-шаралары анықталып, институттың алғашқы проректорлары: А. К. Мұхтарова – бірінші проректор; К.А. Жиренчин – оқу ісі жөніндегі проректор; А. К. Котов – ғылым жөніндегі проректор; Н. К. Капесов – әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор; В.М. Козьменко – тәрбие ісі жөніндегі проректор және В. С. Мигерова – оқу бөлімі меңгерушісі қызметтеріне бекітіледі.

Институттың алғашқы 1994-1995 оқу жылы 863 студенті, кітапханасында 10 000 кітап қоры болады.

1994 жылдың 8 қарашасында М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрында Заң институтының ресми ашылу салтанаты мен студенттікке қабылдау шарасы өтеді. Институттың ашылу салтанатына ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев, ҚР Әділет министрі Н.А. Шайкенов қатысады.

1994 жылдың 29 қарашасында ректор бұйрығымен негізгі қызмет бойынша институттың алғашқы факультеттері мен кафедралары:

- *кәсіпкерлік құқық факультеті:* азаматтық құқық кафедрасы, еңбек құқығы мен азаматтық іс жүргізу кафедрасы, экологиялық және аграрлық құқық кафедрасы, қаржы құқығы кафедрасы;
- *құқық қорғау факультеті:* қылмыстық құқық кафедрасы, қылмыстық іс жүргізу кафедрасы, криминалистика кафедрасы;
- *халықаралық құқық және мемлекеттік қызмет факультеті:* халықаралық құқық кафедрасы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы, мемлекет және құқық теориясы кафедрасы, мемлекет және құқық тарихы кафедрасы.
- *жалпы институттық:* әлеуметтік-саяси ғылымдар кафедрасы, нарықтық экономика кафедрасы, шет тілдері кафедрасы, орыс, қазақ және шығыс тілдері кафедрасы, денетәрбиесі кафедрасы құрылады. 1995 жылы бұл кафедралар жоғарыда аталған факультеттер құрамына біріктіріледі.

1994 жылдың 16 желтоқсанында аспирантура ашылады. 1995 оқу жылына 14 аспирант: 7 күндізгі бөлімге, 7 сырттай бөлімге алынады.

1995 жылдың 27 қазанында докторантура ашылады. 1995-1996 оқу жылына 2 докторант К.М. Ильясова мен А.Н. Сағындықова қабылданады.

1995 жылдың 3 ақпанында ҚР Әділет министрлігі мен ҚР Бас Прокуратурасының «Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтында Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына мамандар дайындау туралы» бұйрығымен, құқық қорғау факультетінде соттық-прокурорлық-тергеулік мамандану бойынша 100 адамды прокуратура органдарына маман ретінде дайындау үшін мамандандырылған топтар құру қолға алынады.

Сондай-ақ, 1995 жылдың 3 ақпанында ҚР Әділет министрлігі мен ҚР Ішкі істер министрлігінің «Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне мамандар дайындау туралы» бұйрығымен, құқық қорғау факультетінде әрбір тергеулік-криминалистикалық мамандану бойынша әр мамандыққа 20 адамнан ішкі істер органдарына қызметке дайындау үшін 2 мамандандырылған топ құру жүктеледі.

1995 жылдың 26 мамырындағы ҚР Әділет министрі мен ҚР Бас Прокурорының бұйрығы негізінде үздік оқитын студенттерді ынталандыру мақсатында Т.М. Культелеев атындағы ҚР Жоғарғы сотының стипендиясы (О.Б. Пак, ФПО-1к), ҚР Бас Прокуратурасының стипендиясы (А.М. Омаралиев, ФПО-3к., С.Н. Сагадиева, ФПО-2к), ҚР



ҚазМЗИ алғашқы проректорлары: Жиренчин К. А., Котов А. К.








ҚазМЗИ тұңғыш түлектері. Алматы қ. (18.06.1996)

Ішкі істер министрлігінің стипендиясы (И.Д. Бижанова, ФПО-2к), ҚР Жоғары Арбитражды сот стипендиялары (Е.Е. Абишев, ФПО-1к) тағайындалады.

1995 жылдың 12 желтоқсанында «Адам құқығын қорғау» Халықаралық күніне арналған бірінші студенттік форум ұйымдастырылады, 1996 жылдың 10-21 қазанында халықаралық құқық және мемлекеттік қызмет факультеті студенттері Түркияның Стамбул қаласында өткен ELSA (еуропа заңгер-студенттерінің ассоциясы) жұмысына қатысады. Осы кездесуде Қазақстанның халықаралық студенттік құқықтық қозғалысына қосылу перспективалары мен заңгер студенттердің Орталық-Азия Ассоциациясын құру мәселесі көтеріледі (CALSA).

1995-1996 оқу жылы 535 студент 1 курсқа, 102 студент келесі курстарды жалғастыруға қабылданады. Жалпы контингент 1500 студентті құрайды.

1996 жылы ҚазМЗИ бірінші бітіруші-түлектерін шығарады. Бұл жылы институтты 66 адам аяқтайды, оның 16 үздікке (24%).

Бірінші бітіруші-түлектер келесі ведомстволар мен мекемелерге жолдама алады: ҚР Әділет министрлігіне – 10, ҚР Қорғаныс министрлігіне – 2, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне – 6, ҚР Бас Прокуратурасына – 8, Мемлекеттік тергеу комитетіне – 9, ҚР Ұлттық банкке – 9, Әскери прокуратураға – 1, Транспорт министрлігіне – 1, Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетке -1, Баға және антимонополиялық саясат жөніндегі мемлекеттік комитетке – 1, Заңшығару институтына – 2, Мемлекет және құқық институтына – 1, Қазақтелекомға – 1, ҚазМЗИ-ға – 14.

1996 жылы Институт халықаралық байланыс бойынша, 1994 жылдан басталған шараларды жалғастырып, Ренн-1 университеті, Халықаралық құқық институты директоры А. Шинмен (Франция) кездесулер өткізеді.

1996 жылдың 19 маусымында ҚазМЗИ мен Франция Магистра-



ҚазМЗА ректоры Шайкенов Н. А. (06.03.1996-25.03.2000)



ҚазМЗУ профессорларының алғаш мантиямен шығуы. Алматы қ. (14.03.1998)

турасы Жоғары мектебі арасында ынтымақтастық келісім шартына қол қойылады. Делегация құрамында: И. Жегузо (Франция Магистратурасы Ұлттық мектебінен), Ю. Рену (Франция Әділет министрлігінен) болады. ҚР Әділет министрінің орынбасары М. Нұрбековпен, ҚР Бас Прокуроры М. Нәрікбаевпен кездесулер ұйымдастырылады.

1996 жылы келісім шарт негізінде Кассациондық сот бас адвокаты М. Лафортюн және Бордо қ. Жоғарғы инстанциялық соты прокурорының орынбасары П. Валлекс ҚазМЗИ-де кәсіпкерлік құқық бойынша семинар өткізсе, Париж қ. Ұлттық сотының бас адвокаты Ж.Ф. Вебер «Сот статусы туралы» тақырыбына семинар өткізеді.

1996 жылдың 5 қарашасында ҚР Үкіметінің №1349 қаулысымен ҚазМЗИ - Қазақ мемлекеттік заң университеті (бұдан ары - ҚазМЗУ) болып өзгертіледі. 1996 жылдың 6 қарашасынан ҚР Білім министрлігінің қарамағына өтеді.

2000 жылдың 14 ақпанындағы ҚР Үкіметінің №236 қаулысымен Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме «Қазақ мемлекеттік заң университеті» және «Мемлекет және құқық институты» бірігу жолымен, Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме «Қазақ мемлекеттік заң академиясы» болып қайта құрылады.

1996 жылдың 6 қарашасында ҚР Әділет министрі (1993-1995 жж.), ҚР Үкіметінің вице-премьері (1995-1996 жж.) лауазымдарында болған з.ғ.д., профессор Шайкенов Нағашбай Аманғалиұлы ҚР Білім министрлігінің бұйрығымен ҚазМЗУ ректоры болып тағайындалады.

Университеттің алғашқы ашылуы мен студенттерін қабылдау салтанаты 1994 жылы Елбасының қатысуымен өткен еді, 1998 жылдың 13 наурызында М. Әуезов атындағы Қазақ Академиялық драма театрында университеттің туған күнін атап өту салтанатында алғаш рет ҚазМЗУ-дің 26 профессорына мантия табысталады, бұдан кейін бұл дәстүр бекіп қала береді. Ал 1998 жылдың 23 қазанында өткен студенттікке қабылдау кешінде, алғаш рет университеттің логотипі мен туы презентациядан өтеді.

1999 жылдың 19 наурызында Республика сарайында университеттің 5 жылдығына орай мерекелік кеш ұйымдастырылады, ресми шақырылған қонақтар қатысады. ҚР Президенті Астана қаласынан құттықтау жеделхатын жолдайды.

Университеттің құрылымы бойынша 1997-1999 жылдар аралығында ҚазМЗУ 12 филиалы: Орал, Шымкент, Астана, Қызылорда, Қарағанды, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Тараз, Өскемен, Павлодар, Атырау қалаларында ашылады. Сондай-ақ «Қыпшақтану» халықаралық орталығы (жетекшісі профессор Б.Е. Көмеков), Қаржылық-банктік заңнама орталығы (жетекшісі профессор Г.И. Тулеуғалиев), салыстырмалы құқықтану лабораториясы негізінде Салыстырмалы құқықтану орталығы (жетекшісі з.ғ.д., профессор К. Осаке), Техникалық орталық (директоры П.И. Минин) құрылады.




ҚазМЗУ бірінші логотипі мен туының презентациясы. Алматы қ. (23.10.1998)







ҚазМЗУ командасы КВН Халықаралық Одағы Бірінші Лига ойынында. Қазан қ. (1999)

Университеттің «Құқық және мемлекет» журналы алғаш рет басылымнан шыға бастайды, журнал 1997 жылдың 22 қаңтарында №374 тіркеуден өтіп, куәлігін алады.

1997 жылдың 19 ақпанында докторлық диссертацияларды қорғауға арналған Диссертациялық кеңес ашылады.

1997 жылдың 25 наурызында ҚР Үкіметінің №412 қаулысымен Әскери дайындық кафедрасы құрылады.

1994 жылы құрылған 3 факультеттің бірі – «құқық қорғау факультеті» негізінде, 1997 жылдың 17 маусымында 2 факультет: «сот-прокурорлық факультеті» мен «тергеу-криминалистикалық факультеті» құрылады.

1997 жылдың 1 желтоқсанынан «сот-прокурорлық факультетінің» 1 курс студенттері «Перо Фемиды» атты студенттік газет шығара бастайды (бас редакторы Г. Такишева, СП-97-9).

1998 жылдың қыркүйегінде студенттердің театр-студиясы ашылады, оған 26 студент кіреді. Театр режиссеры Таптыкова Ольга Вячеславовна болады. Құқық мәселесін көтерген Г.Фигейредоның «Эзоп» пьесасына құрылған алғашқы спектакль премьерасы 1999 жылдың 12 наурызында М. Әуезов атындағы драма театрының кіші залында сәтті өтеді.

Оқу үздіктерін қолдау мақсатында, 1998 жылдың 1 қарашасында Ректор магистратурасы ашылады. 1999 жылдың 9 шілдесінде 8 студент Ректор магистратурасын бірінші бітірушілер атанады. Ал 1999 жылдың 6 қыркүйегінде ҚазМЗУ Жеке құқық ғылыми-зерттеу институты жанынан «Азаматтық құқық және Халықаралық жеке құқық» мамандығы бойынша Магистратура ашылып, келісім шарт негізінде 9 магистрант қабылданады.

1998 жылдың 11 наурызында ҚазМЗУ мен «Сорос-Казахстан»



ҚазМЗУ студенттері Вашингтонда, АҚШ (1999)



ҚазМЗА ректоры Нәрікбаев М.С. (26.07.2000-01.07.2007)

қоры арасында, қордың гранттарын қолдану бағытында келісім жасалады.

1999 жылдың наурызында қазақстандық студенттер бірінші рет АҚШ-та Халықаралық құқық Студенттер Ассоциациясы ұйымдастыруымен өтетін «Ф. Джессоп атындағы халықаралық құқық бойынша Оқу Сот Процессі» - халықаралық құқық жарысына қатысады. Қазақстандық команданы ҚазМЗУ студенттері құрайды. Тренер Шейна Кроули, басты спонсор «Сорос-Казахстан» қоры болады.

1999 жылдың 13-18 наурызында Венгрияда Жетінші халықаралық студенттік конференция өтеді. Бұрынғы Кеңестер Одағы, Орталық және Шығыс Европаның 19 мемлекетінен 130-дан аса студенттер қатысады. Қазақстан атынан 4 студент: ҚазГЗУ-ден Б. Шангирбаева, К. Бисенгалиева, АГУ-ден Б. Битабаров, Семей университетінен А. Макарова қатысады. Топ жетекшісі Анджела Постолл (Франция). Конференцияның жұмыс тілі ағылшын тілі болады.

1999 жылдың 29 наурызынан 4 сәуіріне дейінгі аралықта «UNIV 99» - халықаралық 32-ші студенттік Конгерсс өтеді. Италияда 1967 жылдан өткізіліп келе жатқан Конгресске 40 елден 2000 студент қатысады. Қазақстан атынан ҚазМЗУ студенттері: Б. Аймагамбетов пен О. Кашенов қатысады. Конгресстің жұмыс тілі испан және итальян тілдерінде болады.

1999 жылдың 29 сәуірінен 2 мамырына дейінгі аралықта Польшада Европа құқығы Британ орталығының Оқу Сот Процессі ұйымдастырылады. Процесс Европа қауымдастығы соты мен Кембридж университеті қолдауымен өтеді. Қазақстанды ҚазМЗУ студенттері командасы таныстырады. Тренер Шейла Кроули, процесстің жұмыс тілі ағылшын тілі болады.

1999 жылдың 9 маусымынан, ҚазМЗУ заң жоғары оқу орындарының Европалық анықтамалығына енген Қазақстандық жоғары оқу орны ретінде таныла бастайды.

1999 жылдан бастап университет студенттері «Болашақ» Президенттік бағдарламасы стипендиаттығына тапсырыс береді. 1999 жылдың 16 ақпанында ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына іріктелген 1999-2000 оқу жылғы жеңімпаздарының тізімі жарияланады, оның ішінде ҚазМЗУ 10 студенті: А. Емельянова, А. Қалдыбаев, Е. Наурызбаев, З. Самалдықов, А. Жангасимов, Р. Ильжанов, Г. Кунакбаев, А. Касымов, А. Тастанбеков, Б. Айтукенова аталады.

2000 жылдың 17 қаңтарында Мемлекеттік хатшы Ә.К. Кекілбаев бастаған арнайы Үкіметтік комиссия ҚР Президентінің «Болашақ» стипендиясына үміткерлерді іріктеудің үшінші турын өткізеді. 2000-2001 оқу жылының «Болашақ» стипендиаттары болып ҚазМЗУ-дің 7 студенті: О. Джаболдинов, Д. Джармуханова, К. Скаков, А. Темирбаева, Р. Утяшев, Д. Гайсина, А. Саутова анықталады. Университеттің «Болашақ» стипендиаттары есімі «Алтын кітапқа» ене бастайды.

Құрмет кітабы атанған «Алтын кітаптың» дәстүрге ену уақыты – 1998 жылдың 10 маусымы. Осы күні университеттің үшінші бітірушілері арасынан бірінші рет «Алтын кітапқа»: университеттің 1-ші Фемидасы – Айсина Жанар, ҚазМЗИ-ге 1-ші болып өтініш тапсырған студент – Братусь Дмитрий, 1995 жыл студенті – Аленов Абдрахман, КВН мүшесі, Прага қ. халықаралық оқу процессіне қатысушы – Гайсин Рашид, университет командасының капитаны – Каунев Азамат, 1997 жыл студенті – Утешев Нурлан, 1998 жыл студенті – Халафов Алиш есімдері алтын әріптермен енген еді. 1999 жылдың 9 шілдесінде М. Әуезов драма театрында 4-ші университет бітірушілер кешінде «Алтын кітапқа», 9 - белсенді-оқу үздіктерімен қатар, 9 - «Болашақ» стипендиаттары қосылады. 2000 жылдың 12 шілдесінде 5-ші бітірушілер кеші Республика сарайында өтеді, «Алтын кітапқа», 8 - белсенді-оқу үздігі, 7 – «Болашақ» стипендиаты енеді.

«Алтын кітапқа» алғашқы 1998 жылғы енген белсенді студенттер арасында ҚазМЗУ КВН командасы мүшелері болды. ҚазМЗУ КВН командасы алғаш 1996 жылы университет оқытушысы Жалиев Нұрхан Бұхарбаевич жетекшілігімен құрылады. 1997-1998 жыл сезонында Супер-Лига іріктеу ойындары, 1999 жылдың 20-31 қаңтарында X халықаралық Сочи фестивалі «КИВИН-99», 1999 жылдың 29 наурызында Қазан қ. өткен «АМиК» КВН Халықаралық Одағы Бірінші Лига 1/8 финалына, 1999 жылдың 6 шілдесінде Ташкент қ. өткен Орталық-Азия Лигасы ойындарына қатысады. Негізгі құрамда: А. Каунев (капитан), Н. Утешев, А. Ахматов, С. Бараева, А. Абишева, М. Бусурманов, Д. Табылды, Р. Тарасов, Т. Ходжамкулов, Ф. Юнусов сияқты шығармашыл потенциалды жастар болады.



ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев ҚазМЗА балансына берілген ғимаратта. Астана қ. (11.06.2001)








Астана қаласына ауысқан оқу орнының алғашқы әкімшілік-басқару құрамы (2002)

2000 жылдың 26 шілдесінде ҚР Бас Прокуроры (1995-1996 жж.), ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы (1996-2000 жж.) лауазымдарында болған з.ғ.д., профессор Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ҚазМЗА ректоры болып тағайындалады.

Университет құрылымы бойынша, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылдың 10 маусымындағы және 2000 жылдың 14 шілдесіндегі бұйрықтарына сәйкес Академияның 1997-1999 жылдары құрылған 12 филиалын біріктіру және жабу жолдарымен 5 институт құрылады:

1. Құқық және мемлекеттік қызмет институты – Астана қ. (04.10.2000 ж.);
2. Батыс Қазақстан Заң институты – Ақтөбе қ. (09.01.2001 ж.);
3. Семей Заң институты – Семей қ. (09.01.2001 ж.);
4. Солтүстік Қазақстан Заң институты – Павлодар қ. (09.01.2001 ж.);
5. Оңтүстік Қазақстан Заң институты – Шымкент қ. (09.01.2001 ж.).

2000 жылдың 4 қазанында кафедраларды біріктіру жолымен:

1. Мемлекет және құқық теориясы кафедрасы мен Мемлекет және құқық тарихы кафедралары біріктіріліп – Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы;
2. Конституциялық құқық пен Әкімшілік құқық кафедралары біріктіріліп –Конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы;



ҚазМЗА «Фемида» алаңының құрылысы. Алматы қ. (2001)

ҚазГЗУ екінші логотипі (2001-2013)



Алматы заң академиясының ректоры Баекенов Б.А. (15.06.2002-01.07.2003).



Оксфордте ҚазГЗУ ректоры М. С. Нәрікбаевқа Европа Ректорлар клубы мүшелік сертификатының тапсырылу сәті (27.11.2006)

3. Азаматтық іс жүргізу кафедрасы мен Еңбек құқығы кафедралары біріктіріліп – Азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасы;
4. Әлеуметтік-саяси пәндер мен философия кафедрасы және Қазақстан тарихы кафедралары біріктіріліп – Философия, саясиэкономия және тарих кафедрасы;




Астана қ. ҚазГЗУ экономика және бизнес факультетінің ашылуы (2005)








ҚазГЗУ ректоры М.С. Нәрікбаев Университеттердің Евразиялық ассоциациясының Х съезінде. Москва қ. (20.04.2007)

5. Криминалистика кафедрасы мен Сот экспертизасы кафедралары біріктіріліп – Криминалистика және сот экспертизасы кафедрасы;
6. Информатика кафедрасы өзгертіліп – Информатика және оқытудың техникалық құралдары кафедрасы;
7. Қаржы құқығы кафедрасы өзгертіліп – Қаржы және салық құқығы кафедрасы;
8. Экология және жер құқығы кафедрасы өзгертіліп – Экология, жер және аграрлық құқық кафедрасы болып қайта құрылады.

2000 жылдың 31 тамызындағы ҚР Үкіметінің №1326 қаулысымен Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме «Қазақ мемлекеттік заң академиясының» ерекше статусы Ережесі бекітіліп, Алматы және Астана қалаларының әкімдеріне Академияның материалдық-техникалық дамуы, профессорлық-оқытушылық құрамының тұрғын үйі, әкімшілік ғимараты мәселелері тапсырылған еді.



ҚазГЗУ қонағы Сауд Араб Королдігі делегациясы: доктор Абдалла бин Мухаммед бин Ибрагим Әл Аш-Шейх – Сауд Араб Королдігі Әділет министрі. Алматы қ. (2002)

ҚР Үкіметінің 2000 жылдың 28 қарашасындағы Шешімі және ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және приватизация комитетінің 2000 жылдың 11 желтоқсанындағы бұйрығы, сондай-ақ Академия ректоры М.С. Нәрікбаевтың 2000 жылдың 13 желтоқсанындағы бұйрығы негізінде Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Республикалық мемлекеттік кітапханасының бұрынғы ғимаратын ҚазМЗА балансына қабылдау жөнінде комиссия құрылады.

2001 жылдың 22 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа №11-24/13096 тіркеулі хат жолданады. Хат Астана қ. жаңа орталығы құрылысы барысын бақылау жөніндегі Мемлекеттік комиссия Төрағасы Д. Ахметов қол қойған, 2001 жылғы Астана қаласында салынатын құрылыс объектілері тізіміне ҚазМЗА жаңа корпусы құрылысын қосу туралы болады. ҚР Президенті аталған хат бойынша өз келісімін береді.

2001 жылдың 26 наурызындағы ректор бұйрығымен Астана қ. филиалы орнында құрылған Құқық және мемлекеттік қызмет институты жойылып, оның негізінде 2001 жылдың 2 сәуірінен бастап Астана қаласындағы ҚазМЗА факультеттері мен кафедралары:

- Әділсот (правосудия) факультеті,
- Құқық қорғау факультеті,
- Мемлекеттік қызмет факультеті,
- Салық және кеден құқығы факультеті,
- Сырттай оқу факультеті,
- Заң жоғары оқу орындары мен факультеттері оқытушыларының квалификациясын көтеру факультеті,
- Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы;
- Конституциялық құқық және мемлекеттік басқару кафедрасы;
- Қылмыстық сот жүргізу және криминалистика кафедрасы;
- Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы;
- Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы;
- Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы;
- Әскери кафедра филиалы құрылған еді.




ҚазГЗУ басшылығы МГИМО Европа құқығы директоры профессор М. Л.Энтинмен. Астана қ. (2006)

Сондай-ақ, 2001 жылдың 18 мамырында ҚазМЗА Тараз, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда филиалдары қайта құрылу жолымен материалды-техникалық базасы және студенттер контингентімен бірге ҚазМЗА Мемлекеттік қызмет институты құрамына беріледі. Институт жойылғаннан кейін Заң колледжі – Қызылорда қ. (06.05.2001 ж.), Заң колледжі – Тараз қ. (27.06.2001 ж.), «Заң білімі инновациялық технологиялары» аймақтық ғылыми-зерттеу орталығы – Ақтөбе қ. (19.07.2001 ж.) ашылады. 2001 жылдың 1 қазанында Астана қаласында ҚазМЗА жанындағы «Құқық және экономика» колледжінің презентациясы өтеді.

2001 жылдың 11 маусымында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен Астана қ. ҚазМЗА оқытушы-профессорлық құрамы және студенттерінің кездесуі өтеді.

2001 жылдың 16 мамырында Алматы қаласында ҚазМЗА «Фемида» алаңы ашылады. Алаңда бой көтерген «Фемида» мүсіні университет логотипіне енеді. ҚазМЗА «Фемида» алаңында 2001 жылдың 10-11 шілдесінде бітірушілер кеші өтеді. Бітірушілер алдында юриспруденция мэтрі, академик М.Т. Баймаханов сөз сөйлейді. Кеш қонақтары: С.А. Назарбаева және министрліктер, мекеме өкілдері болады. Бұл кеште университеттің «Алтын кітабына» 10 бітірушінің есімі енеді.

ҚР Үкіметінің 2001 жылы 24 қазанындағы №1358 Қаулысымен «ҚазГЗУ» РМҚК «Қазақ гуманитарлық заң университеті» жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылады (ары қарай «ҚазГЗУ» ЖАҚ).

2002 жылы оқу орны Астана қаласына көшіріліп, 2002 жылдың 15 маусымында филиал құқығында Алматы заң академиясы құрылады. ҚР Ішкі істер министрі (1994-1995 жж.) лауазымында болған профессор Баекенов Болат Абдрахманұлы Алматы заң академиясы ректоры болып тағайындалады.



ҚазГЗУ оқу ғимараты құрылысының алғашқы жылы. Астана қ. (06.08.2006)



Құрылыс жұмысының екінші жылы. Астана қ. (07.09.2007)







ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. ҚазГЗУ ұжымына жаңа ғимаратта жаңа табыстарға жетуді табыстады. Астана қ. (02.07.2008)



«Хосей» университетінің (Токио қ.) профессоры Хироси Саратори және ҚазГЗУ проректоры Нәрікбаева Ж.М., Ұлттық және халықаралық құқық факультеті деканы Сейтенов К.К. Астана қ. (23.11.2007)



ҚР Президенті Назарбаев Н. Ә. ҚазГЗУ Студенттер Парламенті мүшелері ортасында. Астана қ. (02.07.2008)



«ҚазГЗУ» АҚ ректоры Ударцев С. Ф. (17.07.2007-01.05.2009)

2002 жылдың 15 маусымында Алматы заң академиясының мемлекеттік қызмет және басқару факультеті құрылады, ал 2003 жылдың 29 тамызында «юстиция органдары және әділсот факультеті» және «прокурорлық-тергеу факультеті» біріктіріліп, «құқық қорғау органдары» факультеті болып қайта құрылады.

2003 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен университет ашық акционерлік қоғам болып ауысады.

Астана қаласында университеттің:

- ұлттық және халықаралық құқық факультеті (09.08.2003 ж.);
- әлеуметтік гуманитарлық факультеті (01.09.2003 ж.);
- экономика және бизнес факультеті (05.08.2005 ж.) ашылады.

Ұлттық және халықаралық құқық факультеті құрамына: мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы; қылмыстық сот жүргізу және криминалистика кафедрасы; қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы; азаматтық-құқықтық пәндер ка-



ҚазГЗУ ректоры Ударцев С.Ф. Қазақстандық жоғары оқу орындарының Болонья процессіне қосылу туралы Меморандумы-Тараз декларациясына қол қойды. Астана қ. (06.06.2008)



Ресей Федерациясының төтенше және құзыретті елшісі М. Н. Бочарниковтың ҚазГЗУ-ге келуі. (Сәуір, 2014 ж.)

федрасы; конституциялық құқық және мемлекеттік басқару кафедрасы кіреді.

Әлеуметтік гуманитарлық факультет құрамына: әлем тілдері кафедрасы; гуманитарлық жаратылыстану пәндері кафедрасы; әлеуметтік-психологиялық пәндер кафедрасы кіреді.

Экономика және бизнес факультеті құрамына: экономика және менеджмент кафедрасы; қаржы және есеп кафедрасы кіреді.

2004 жылы наурыз айында оқу орнының құрылғанына 10 жыл толу мерекелік кеші өтеді, кеште ҚР Президентінің құттықтау адресі



Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшісі Ричард Хоугландтың ҚазГЗУ-ге келуі. Астана қ., 2009 ж.



ҚазГЗУ ректоры Ударцев С.Ф. және Сеуль ұлттық университеті Құқық колледжінің деканы Мун Хук Хо екіжақты ынтымақтастық келісім шартына қол қойды. Астана қ. (23.04.2008)

оқылады. Мерекеге орай, университет тарихына арналған «Қазақ гуманитарлық заң университетіне 10 жыл» атты 160 беттік суретальбом мен «Құқық және мемлекет» журналының мерекелік саны баспадан шығады.

2004 жылдың 15 мамырынан «Қазақ гуманитарлық заң университеті» акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен Акционерлік қоғам болып қайта құрылады (бұдан ары «ҚазГЗУ» АҚ).

2004 жылы «ҚазГЗУ» АҚ «Юриспруденция» мамандығы бойынша білім алушылардың аралық аттестациясы нәтижесі негізінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасынан 1 орынды, 2005 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі өткізген аралық мемлекеттік бақылау көрсеткіші нәтижелері бойынша 1 орынды иеленеді.

2005 жылдың қараша айында университет халықаралық «Ресей регистрінің сертификаттау жүйесімен» Лицензиялау саласы және мемлекеттік аккредитациялаудың мамандықтары мен бағыттары бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жоғары кәсіби білімі бар (бакалавр, маман) кадрларды дайындау бойынша білім беру қызметі қатынасында ИСО 9001:2000 стандартына сәйкестігі тексеріледі және мойындалады. 2005 жылдың 1 желтоқсанында «Ресей регистрінің сертификаттау жүйесінің» №05.366.026 тіркеулі Сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификаты тапсырылады.

2006 жылдың 27 қарашасында ҚазГЗУ ректоры, профессор М.С. Нәрікбаев Европа ректорлары клубы мүшелігіне қабылданады. 2007 жылдың 21 қыркүйегінде ҚазГЗУ Европадағы Болонья университетінің қабырғасында (Италия) Дүниежүзілік университеттердің Ұлы хартиясына қол қояды.

ҚазГЗУ 2007 жылдың 8 қаңтарында ҚР Жоғары оқу орындары ассоциациясына, 2007 жылдың 20 сәуірінде Университеттердің Евразиялық ассоциациясына, ал 2007 жылдың 21 сәуірінде Ресей Заң Жоғары оқу орындары ассоциациясына кіреді.

2000-2007 жылдары университеттің халықаралық ынтымақтастық кездесулері: Корея Республикасының Жоғарғы Сот Төрағасы Че Джонг Енг; Италияның Милан қ. Католиктік университеті өкілі Эдилио Мазолени; Францияның Білім министрінің кеңесшісі Жан Пьер Финанс; Австралия елшілігі өкілдері; Франция жоғары және орта білім беру мамандарын дайындау Ұлттық орталығы (CNOUS) өкілдері; Европа кеңесі Парламент ассамблеясының Төрағасы








ҚазГЗУ ұйымдастыруымен өткен «Ислам: 21 ғасырдағы даму ағымдары және перспективалары» Халықаралық конференция қатысушылары. Астана қ. (13-15.05.2008)



ҚазГЗУ студенттері: Абдраева А., Оразбаева Ю., Исакова Ф. Москва қ. (2009)

лорд Рассел Джонстон; Англияның Лондон қ. Солтүстік-Лондон университеті; Ислам ғылым академиясы басқармасы кеңесінің Төрағасы, Иордания халықаралық істері бойынша ассоциациясының Төрағасы, Иордания экс-премьері Абдул Салам Маджали; Қытай халық республикасының Жоғарғы Прокуратурасы бас прокуроры орынбасары Чжан Шу; Милан католиктік университеті (Италия) және Новосибирск мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы) өкілдері; Сауд Араб Королдігі делегациясы: доктор Абдалла бин Мухаммед бин Ибрагим Әл Аш-Шейх – Сауд Араб Королдігі Әділет министрі, доктор Абдалла бин Салих Әл Дудейси – Әділет министрінің бірінші орынбасары, доктор Ибрагим бин Абдалла Әл Брахим – Имам Мухаммед бин Сауд атындағы Ислам университеті Шариат факультетінің деканы, доктор Зейд бин Абдел Карим Әл Зейд – Юриспруденция Жоғары институтының ректоры; Қытай делегациясы: Чжан Баоцин – ҚХР Білім министрінің орынбасары, Цан Гоюн – ҚХР Білім министрлігінің канцелярия бастығының орынбасары, Чжоу Сяоцинь – ҚХР Білім министрлігінің қаржы департаменті бастығының орынбасары, Сяо Нэнюань – ҚХР Білім министрлігінің жоспарлау және даму бойынша департаменті бастығының орынбасары, Чжан Яньцзюнь – ҚХР Білім министрлігі канцеляриясының бөлім меңгерушісі, Шэн Цзяньсюе – ҚХР Білім министрлігінің халықаралық ынтымақтастық және тәжірибе алмасу департаменті бөлім бастығы орынбасары, ҚХР ҚХР елшілігінің өкілдері; ТЕМПУС-ТАСИС гранты бойынша Европа Одағы партнерлары; Түркияның Стамбул қ. Okan Universitesi; Сауд Араб Королдігінің Азиз Король атындағы университеті мен Имам Мухаммед бин Сауд атындағы Ислам университетінде; Татарстан Қазан мемлекеттік университеті; Варшава қ. қонақтары; ҚР Жапон елшісі Тэцуо Ито; Метрополитен Лондон университеті өкілі Дж.Керран; Ұлыбритания Оксфорд қ. өкілдері; ҚР Франция елшілігі; ФУЛБРАЙТ Американдық ассоциациясы, Әлем корпусы Ұлттық ассоциациясы, Миннесоты Халықаралық ассоциациясы мүшесі,



«ҚазГЗУ» АҚ ректоры Қоғамов М. Ш. (01.05.2009-16.07.2012)

Фулбрайт құқық докторы Л. Эрстад; Европа Одағы профессоры Ф. Кокэн; ҚР Жапон елшісі Тэцуо Ито.

2000-2007 жылдары университет қол жеткізген меморандумдары мен келісім шарттары: Нагойя университетімен Нагойя қ. (Жапония), Салыстырмалы құқық институтымен Лозанна қ. (Швейцария), Ислам Даму Банкімен, Каталони Халықаралық университетімен Барселона қ. (Испания), Шығыс және Африкалық зерттеу Мектебімен Лондон қ. (Ұлыбритания), Бремен университетімен (Германия), Армстронг Атлантикалық Мемлекеттік университетімен Саванна қ, (АҚШ Джорджия штаты), Москва Халықаралық қатынастар Мемлекеттік институтымен және Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің заң факультетімен (Ресей Федерациясы).

Университеттің негізгі қызметі бойынша, 2007 жылдың 4 маусымында «ҚазГЗУ» АҚ қызметі сапасын көтеру мен жетілдіру мақсатында 2007 жылдың 1 шілдесінен университеттің аймақтық құрылымдық бөлімшелері:

- «ҚазГЗУ» АҚ филиалы «Павлодар гуманитарлық-заң университеті»,
- «ҚазГЗУ» АҚ филиалы «Оңтүстік-Қазақстан юриспруденция, қаржы және қаржы құқығы институты»,
- «ҚазГЗУ» АҚ филиалы «Семей заң институты»,
- «ҚазГЗУ» АҚ филиалы «Батыс-Қазақстан заң институты» жойылды.

2007 жылдың 25 шілдесіндегі ҚазГЗУ Президенті М.С. Нәрікбаевтың «Құрылымдық және кадрлық өзгерістер туралы» бұйрығына сәйкес «ҚазГЗУ» АҚ-ның Шымкент, Ақтөбе, Павлодар қалаларындағы жойылған филиалдары негізінде Қашықтықтан оқыту оқу орталықтары (ҚООО) құрылды. 2007 жылдың 29 тамызында ҚазГЗУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен Қашықтықтан оқыту орталықтарының негізінде Қашықтықтан оқыту факультеті құрылды.

2000-2007 жылдары университет дамуының басты бағыттары анықталып, әлемдік білім беру жүйесіне, мамандарды даярлаудың халықаралық стандарттарына көшу қолға алынады. Заманауи талаптарға сай университеттің жаңа оқу ғимараты салына бастайды.

«ҚазГЗУ» АҚ Президенті Т.М. Нарикбаевтың бұйрығымен 2007 жылдың 3 қыркүйегінен «ҚазГЗУ» АҚ ректоры лауазымына з.ғ.д., профессор Ударцев Сергей Федорович тағайындалады.

«ҚазГЗУ» АҚ білім беру сапасы Бас рейтингінің көрсеткіші бойынша 2008 жылы гуманитарлық-экономикалық оқу орындары арасында 1-ші орынға көтеріледі. Сондай-ақ, ҚР БжҒМ 2009 жылдың 2 ақпанындағы №104 бұйрығына сәйкес ҚазГЗУ мемлекеттік емес ұйымдарды аккредиттеу туралы Куәлік алады. Аталған куәлік ҚР мемлекеттік бюджеті тарапынан қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық салалардағы зерттеу жұмыстарына қатысуға құқық береді.



ҚазГЗУ ректоры Қоғамов М.Ш. Нагойя университетімен келісім шартқа қол қоюда. Астана қ. (22.10.2009)



ҚазГЗУ ректоры Қоғамов М.Ш. ЮАР делегациясымен. Астана қ. (18.06.2012)







ҚазГЗУ ректоры Қоғамов М.Ш. Ресей Дипломатиялық академиясында. Москва қ. (28.10.2009)

Университеттің С. Ф. Ударцев ректорлығы тұсындағы басты оқиға, 2006 жылы М.С. Нәрікбаев инициативасымен басталған оқу ғимараты құрылысының аяқталып, елорданың көрнекті архитектуралық орындарының біріне айналуы болды. Құрылыс «ҚР құрметті құрылысшысы» О.Р. Мұқатай жетекшілігімен жүрді. 2008 жылдың 2 шілдесінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен, Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген, жалпы аумағы 32 235,1 ш.м құрайтын ҚазГЗУ жаңа оқу ғимаратының ресми ашылу салтанаты өтті.

ҚазГЗУ жаңа оқу ғимараты университет құрылуының 15 жылдығы қарсаңында ашылған еді. ҚазГЗУ ректоры С.Ф. Ударцев инициативасымен ректорлар Е.Қ. Нұрпеисовке (1994-1996 жж.), Н.А. Шайкеновке (1996-2000 жж.), М.С. Нәрікбаевқа (2000-2007 жж.) арнайы тағайындалған «Құрметті ректор» медалі мен қызметкерлер және профессорлық-оқытушылық құрамға арналған «ҚазГЗУ 15 жыл» мерейтойлық медальдері шығарылды. Мерейтойлық кеш күні ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың құттықтау хаты табысталды.

2007-2008 оқу жылдары ҚазГЗУ қосдипломды білім беру (заң және экономика, қаржы) экспериментaлдық бағдарламасын жүзеге асырды.

2008 жылы «Құқық және мемлекет» журналымен қатар үш «ҚазГЗУ хабаршысы» ғылыми журналы: экономика ғылымдары, филология ғылымдары, философия, социология және политология серияларымен, сондай-ақ «Бюллетень УМС» жарияланып отырды.

2008 жылдың 4 мамырында ҚазГЗУ ректоры С.Ф. Ударцев бұйрығымен ҚазГЗУ кітапхана қорын тиімді пайдалану және оқу процессін ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында, ҚазГЗУ филиалы «Алматы заң академиясының» кітапхана қоры ерекше назарға алынды. Мемлекеттік емтихандарға қатысты пән әдебиеттері және 2002-2005 жылдардағы Tempus Tassis гранты аясында алынған еуропеистика бойынша кітапхана, шетел әдебиеттері мен сирек басылымдар, сондай-ақ авторлардың автографтары бар кітаптарды арнайы бақылауға алу тапсырылды.

ҚазГЗУ-дің негізгі қызметі бойынша, Басқарма Төрағасы Т.М.



ҚазГЗУ студенттері «Профессор Нәрікбаев М.С. жеке кітапханасы» залында. Астана қ. ( 2010)



ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Бекназаров Б.А. ҚазГЗУ-де достық жүздесумен. Астана қ. (15.05.2012)




Профессор Жекебаев У.С. 85 жылдығына арналған конференцияға қатысушылар. Астана қ. (25.02.2012)

Нарикбаевтың 2008 жылдың 14 шілдесіндегі және 2008 жылдың 01 қыркүйегіндегі бұйрықтарымен Ұлттық және халықаралық құқық факультеті негізінде 3 факультет: Халықаралық құқық факультеті; Құқық қорғау органдары факультеті; Кәсіпкерлік құқық факультеті құрылды.

2008-2009 оқу жылын университет 7 факультет, 13 кафедралық құрылыммен бастады.

Халықаралық құқық факультеті құрамына: ағылшын тілі кафедрасы; мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы; конституциялық құқық және мемлекеттік басқару кафедрасы кірді.

Құқық қорғау органдары факультеті, құрамына: қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы; қылмыстық сот жүргізу және криминалистика кафедрасы кірді.

Кәсіпкерлік құқық факультеті құрамына: азаматтық құқық кафедрасы; азаматтық іс жүргізу, еңбек және жер құқығы кафедрасы кірді. Әлеуметтік гуманитарлық факультет құрамына: жалпы тіл білімі және аударма ісі кафедрасы; әлеуметтік-психологиялық пәндер кафедрасы; гуманитарлық және жаратылыстану пәндері кафедрасы кірді.

Экономика және бизнес факультеті құрамына: экономика және менеджмент кафедрасы; қаржы және есеп кафедрасы кірді.

Әскери дайындық кафедрасы мен Сырттан оқыту факультеті және Қашықтықтан оқыту факультеттері қызмет атқарды.

2008 жылдың 11 қарашасында ҚР «Білім туралы» заңына және ҚазГЗУ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Басқарма төрағасы Т. М. Нарикбаевтың бұйрығымен «Алматы заң академиясы» таратылды. 2008 жылдың 30 желтоқсанындағы Басқарма отырысының шешімі негізіндегі Басқарма төрағасы Т.М. Нарикбаевтың бұйрығымен Мемлекет және құқық институтын 2009 жылдың 10 қаңтарынан бастап Астана қ. көшіру қолға алынды.

Университеттің 2007-2009 жылдары халықаралық кездесулері: Құран аудармашысы имам В. Порохова (Ресей Федерациясы); Әскери-теңіз академиясы жанындағы Таяу Шығыс және ислам-



АҚШ Елшісінің кеңесшісі Джефри Секстон және ҚазГЗУ базасындағы Ұлттық турнир администраторы Калишева Ж.Г. Астана қ. (15.01.2010)



Бітірушілер кешінің қонағы, ҚазГЗУ «жыл студенті-97» Утешев Н. Астана қ. (04.07.2012)







«Мұзарт» эстрада жұлдыздарының өнер көрсетуі. Астана қ. (04.07.2012)



ды зерттеу орталығы директоры профессор Б. Уиллер (Мэриленд, АҚШ); А. Роксфорд азаматтық қатынастар және саясат колледжі деканы Д. Страусман (Университет Albany); А. Шиндлер АҚШ Елшілігінен; Атташе Клод Абитболь Франция Елшілігінен; «Хосей» университетінен Х. Саратори (Токио қ., Жапония); Жоғары университеттік зерттеулер бөлімі жетекшісі, профессор А. Гаспери, (Павия қ.); Утрехт университетінен профессор М. Ван Де Кастилен (Нидерланды); профессор Р. Кайкайоглы SML Construction өкілі; Гази университетінен профессор Б. Сенер (Түркия); Р. Форстер МККК бағдарламасымен; Оңт.-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясының бұрынғы бас хатшысы Онг Кенг Йонг Сингапур елшісі; ASEAN, Фулбрайт бағдаламасы стипендиаты Тукей Дуглас; Сеул ұлттық университеті Құқық колледжі заң факультетінің де-



ҚазГЗУ «Түлектер Аллеясының» ашылуы және алғашқы «жұлдызды» кірпішінің төселуі. Астана қ. (09.07.2009)




Дәстүр жалғастығы, ҚазГЗУ «Түлектер Аллеясында» өткен кезекті бітірушілер кеші. Астана қ. (04.07.2012)



ҚазГЗУ «Түлектер Аллеясында» өткен Әскери дайындық кафедрасы курсанттарының ант қабылдауы. Астана қ. (18.07.2009)

каны Мун Хук Хо; Индия азаматы Сомен Дебнат; Вермонт Штаты қылмыстық іс жүргізу бөлімі; Бас прокурор көмекшісі Д.Тартэрр ФУЛБРАЙТ бағдарламасы аясында; ҚР Жапон Елшісі Сигэо Нацуи; Елшілік үшінші хатшысы Я. Икуэ, жапон тілі маманы Ген Куно, координатор Абе Наоми; РФ Жоғарғы Арбитражды Сот Төрағасы Секретариаты жетекшісі Д.В. Плешков, РФ Федералды Арбитражды Сот төрағасының орынбасары Р.Г. Абдулвагапов; Халықаралық ынтымақтастық Жапон агенттігінен (JICA) Т. Оцуджи, Я. Косей; МККК (қызыл крест халықаралық комитеті) аймақтық өкілеттілігінен Р. Форстер, М. Ибрагимов; Канаданың Халықаралық тіл академиясынан (ILAC) Магда Линк; Колумбия халықаралық колледжі атқарушы директоры К. Чан; профессор К. Накенофф, Пенсильвания; ЮНЕСКО өкілдері Я. Садлак, В. Сивински; ҚР АҚШ Елшілігі мәдениет жөніндегі Атташе Н.Франчески; Арменияның Білім және ғылым министрі С. Сейранян; Ресей Халықтар достығы университетінің заң факультеті деканы А.Я. Капустин; РФ РҒА В.В. Виноградов атындағы Орыс тілі институтының жетекші ғылыми қызметкері Н.К. Онипенко; Нагойя университетінен С. Окуда; ҚР АҚШ елшісі Р. Хоугланд; Польшаның 17 жоғары оқу орындары ректорлары, ҚР Польша елшісі П. Чеплак.



ҚазГЗУ қонағы Ислам даму банкі Президенті Ахмад Мохаммад Али Әль Мадани. Астана қ. (02.10.2012)



ҚазГЗУ қонағы ҚР Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф. Астана қ. (01.11.2012)







ҚазГЗУ С. Зиманов атындағы академиясы мен 2 кеңкөлемді пано тұсаукесері. Астана қ. (06.10.2012)

2008 және 2009 жылдары ректор С.Ф. Ударцевтің тікелей қатысуымен «ҚазГЗУ 100 үздік студенті» екі кітабы шықты.

2008-2009 жылдары дәстүрлі АҚШ, Колумбия штаты Вашингтон қ. өтіп келе жатқан Ф.Джессоп атындағы Халықаралық құқық турниріне ҚазГЗУ студенттерінен: М. Ошақбаева, Н. Нұрғабылов және Ф. Мусаева, А. Жибитаева, Ж. Баженова, А. Есмуханова қатысты.

2009 жылдың 21-25 сәуірінде Ресей Федерациясында Ф. Мартенса атындағы Халықаралық гуманитарлық құқықтан конкурс өтті. Конкурсқа Украина, Белорусия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстанның заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінен командалар қатысты. Қазақстан командасын ҚазГЗУ студенттері: А. Абдраева, Ю. Оразбаева, Ф. Исакова таныстырды.

«ҚазГЗУ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының шешімі негізіндегі Басқарма Төрағасы Т.М. Нарикбаевтың бұйрығымен 2009 жылдың 01 мамырынан «ҚазГЗУ» АҚ ректоры лауазымына з.ғ.д., профессор Қоғамов Марат Шекішұлы тағайындалады.

2011 жылдың сәуір айында ҚазГЗУ мемлекеттік аттестациядан өтеді.

2012 жылғы БжҒМ ұлттық аккредитациялық орталығы рейтингі көрсеткішімен, ҚазГЗУ «Юриспруденция» мамандығы бойынша



Жетекшілер арасындағы Лидерлікті Дамыту Бағдарламасын тыңдаушыларына сертификаттарды тапсыру. ҚазГЗУ. Астана қ. (25.01.2014)

1-ші орынды, «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша 2-ші орынды, «Аударма ісі» мамандығы бойынша 3-ші орынды алды. Рейтингке қазақстандық білім беру бағдарламалары негізінде 107 мамандық бойынша 75 оқу орны қатысты.

2009-2012 жылдары университет қабырғасында: ҚР Егемендік декларациясының қабылдануына 20 жыл, ҚР Тәуелсіздік



«ҚазГЗУ» АҚ ректоры Нәрікбаев Т.М. (29.04.2013 бастап)

Декларациясының қабылдануына 20 жыл, ҚР Мемлекеттік рәміздерінің қабылдануына 20 жыл толуына орай іс-шаралар өтті.

2009-2012 жылдар аралығында ҚазГЗУ-де өнер қайраткері: Б. Шукенев, М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының актерлері: Б. Тұрыс, Д. Ақмолда, Д. Жүсіп, А. Сұрапбай, М. Мамимолдақызы, қоғам қайраткерлері: М. Шаханов пен Б. Тілеуханов, О. Сүлейменов болып, ҚазГЗУ «Құрметті қонақтар кітабына» тілек қолтаңбаларын қалдырды.

2009-2012 жылдары халықаралық кездесулер: МККК (халықаралық

KAZGUU UNIVERSITY

2013 жылы ҚазГЗУ ректоры Нәрікбаев Т.М. бекіткен университеттің жаңа логотипі




ҚазГЗУ ректоры Нәрікбаев Т. М. университеттердің Біріншi Концорциумы отырысында. Алматы қ. (2014)

қызыл крест комитеті) өкілдері; АҚШ Әділет Министрлігі Прокуроры Н. Мразек; профессор РГТЭУ Б.П. Гуселетов; Нагойя университеті өкілі; ҚР Индия елшісі А. Саджанхара; ҚР Нидерланды Корольдігі елшісі Ф. Потойта; Индия елшілігінен профессор Ю. Н. Старилов; Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық академиясы профессоры А. Моисеев; МККК (халықаралық қызыл крест комитеті) аймақтық өкілі С. Беляев; Салыстырмалы және халықаралық құқық профессоры А. Саидов (Ташкент қ., Өзбекстан); Таэквондо Федерациясы Президенті; Қырғыз мемлекеттік заң академиясы ректоры К. Керубеков (Бішкек қ., Қырғызстан Республикасы); Нагойя Университеті өкілі А. Е. Бурханов (Жапония); ҚР ЮАР елшілігінен А. Катрад.

2009 жылдан ҚазГЗУ алғашқы PhD докторларын дайындай бастайды.

2010 жылдың 30 наурызында з.ғ.д., профессор М.С. Нәрікбаев 70 жылдығы атап өтілді, ғалымның жеке кітапханасы қоры негізінде «Профессор Нәрікбаев М. С. жеке кітапханасы» залы ашылды.

2011 жылдың 1 желтоқсанында ҚазГЗУ қабырғасында Сот сараптамасы орталығы ашылып, 2012 жылы орталық негізінде Сот сараптамасы институты құрылды.




ҚазГЗУ студенттерінің ҚР Президентін «Президент күнімен» құттықтау іс-шарасы. Астана қ. (01.12.2013).



ҚазГЗУ ректоры Нәрікбаев Т.М. ҚР Жапон Елшісі Масаёси Камохарамен. Астана қ. (27.01.2014)







ҚазГЗУ-де «Академик Баймаханов М.Т. аудиториясының» ашылу салтанатынан. Астана қ. (12.03.2014)



ҚР Білім және ғылым Министрі Саринжипов А.Б. ҚазГЗУ-ге келген сапарынан. Астана қ. (13.03.2014)



ҚазГЗУ оқытушылары: Ибраева А.Б., Уразбаева С.А., Омарова Х.С., Абылайұлы А. Лондонда, Ұлыбритания (2013)



ҚазГЗУ ҒЗИ директоры профессор Қоғамов М.Ш. және «Pillsbury Winthrop» американдық компания өкілдері. Астана қ. (03.12.2013)

2012 жылдың 25 ақпанында з.ғ.д., профессор У.С. Жекебаев 85 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті және «Профессор Жекебаев У.С. аудиториясы» ашылды.

2010 жылдың 16-17 қаңтарында Ұлттық турнирді АҚШ Елшісінің кеңесшісі Д. Секстон ашты. Ұлттық турнир жеңімпаздарына дәстүрлі АҚШ, Колумбия округі Вашингтон қ. өтетін Ф.Джессоп атындағы Халықаралық турниріне жолдама берілді. 2010-2012 жылдары ҚазГЗУ базасында студент жастардың Ф.Джессоп атындағы Халықаралық құқық Ұлттық турнирі дәстүрлі ұйымдастырылып отырды.

2009 жылдың 9 шілдесінде «ҚазГЗУ түлектері Аллеясы» ашылды. Осы жылдан бастап университет тарихына жаңа дәстүр - Университеттің әр жылғы түлектері, 20 жылдық мерзімге тілек капсулаларын қалдырған «жұлдызды» кірпіш төсеу дәстүрі енді. 2009-2012 жылдары өткен Университет түлектерін шығарып салу кешіне Қазақстандық эстрада жұлдыздары арасынан: М. Арапбаева, «Мұзарт» тобы т.б. қатысты.

«ҚазГЗУ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының шешімі негізіндегі



ҚазГЗУ Сот экспертизасы институтының тыңдаушылары. Астана қ. (17.06.2014)



ҚазГЗУ оқытушылары квалификация көтеру курсында. Москва қ. (26.07.2012)

Басқарма Төрағасы Т. М. Нарикбаевтың бұйрығымен 2012 жылдың 16 шілдесінен «ҚазГЗУ» АҚ Президенті (Ректоры) лауазымына з.ғ.д., профессор Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы тағайындалды.

2013 жылдың 3 қаңтарында ҚазГЗУ-дің оқыту деңгейлері: бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы, ЖОО-дағы және ЖОО-дан кейінгі 22 білім беру бағдарламаларын куәлендірген, Білім сапасын қастамасыздандыру Тәуелсіз қазақстандық агенттігінің Институционалдық аккредитация туралы куәлігі беріледі (ҚР БжҒМ-нің №БҒМ-001сертификаты, 27 маусым 2012).

2012 жылдың 14 шілдесінде «ҚазГЗУ» АҚ Басқарма төрағасы Т.М. Нарикбаевтың бұйрығымен ҚазГЗУ қызметін жетілдіру мақсатында жаңа ұйымдастырушылық құрылым қолданысқа енгізіліп, 3 Жоғары мектеп (оларға қарасты 13 кафедра), 1 Академия (оған қарасты 7 институт), 1 Қашықтықтан оқыту орталығы (оған қарасты 8 өкілдік) қайта құру жолымен құрылды.



ҚазГЗУ кешкі бөлім бітірушілерінің диплом алу күні (28.12.2013)





Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар Жоғары мектебі, құрамына 3 кафедра: халықаралық құқық және халықаралық қатынастар кафедрасы; ағылшын тілі кафедрасы; жалпы тіл білімі және аударма ісі кафедрасы кірді.

Ұлттық құқық Жоғары мектебі, құрамына 6 кафедра: азаматтық құқық кафедрасы; азаматтық іс жүргізу, жер және еңбек құқығы кафедрасы; қылмыстық, қылмыстық атқару құқығы және криминология кафедрасы; қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминалистика кафедрасы; мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы; конституциялық құқық және мемлекеттік басқару кафедрасы кірді.

Экономика, бизнес және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебі, құрамына 4 кафедра: қаржы және есеп кафедрасы; экономика, менеджмент және туризм; әлеуметтік-психологиялық пәндер кафедрасы; гуманитарлық және жаратылыстану пәндері кафедрасы (2013 жылдан Қазақстан тарихы және жалпы білім беру пәндері кафедрасы) кірді.

Инновациялық даму және қашықтықтан оқыту технологиялары орталығы, оған қарасты өкілдіктер: Алматы, Қызылорда, Шымкент, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар қалаларында ашылды.

С. Зиманов атындағы фундаменталды және қолданбалы ғылымдар Академиясы, оның құрамында: Құқықтық саясат және конституциялық заңнама ҒЗИ; Мемлекет және құқық ҒЗИ; Азаматтық-құқықтық зерттеулер ҒЗИ; Қылмыстық-процессуалдық зерттеулер және коррупцияға қарсы әрекет ҒЗИ; Ғылыми сараптама және талдау Институты; Сот экспертизасы Институты; Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет проблемаларын зерттеу Институты; «Құқық» мамандығы бойынша ОӘК қамтамасыз ету орталығы.

2012-2013 жылдары халықаралық кездесулер: Адвокатура және нотариат Ресей академиясы (РААН) ректоры Г.Б. Мирзоев; Бремен университеті профессоры Р. Книпер; Назарбаев Университеті проректоры, профессор Х. Швебер; Ислам Даму Банкі Президенті Ахмад Мохаммад Али Әл Мадани; ҚР Израиль мемлекет елшілігі өкілдері; Корей Мәдениет орталығы директоры Ви Мён-Чже, Хэ-Ок Пак; ҚР Иордания Хашимит Корольдігі елшісі С. Арабиат; ҚР Канада елшісі С. Миллер; Ататүрк университеті профессоры Я. Ердоган, Урзум қ., Турция; М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінен С.А. Авакьян; Жапония каратэ ассоциациясының Вице президенті Т. Такенори; Ягеллон университеті өкілдері, Польша; Түркменстан жоғары оқу орындары өкілдері.



ҚазГЗУ Президенті (Ректоры) Нәрікбаев М.С. Адвокатура және нотариат Ресей академиясымен келісім шартқа қол қоюда. Астана қ. (07.09.2012)



ҚазГЗУ ректоры Нәрікбаев Т.М. СІМ арасындағы екіжақты ынтымақтастық келісім шартына қол қоюда. Астана қ. (06.02.2014)

2012 жылдың 26 шілдесінде ҚазГЗУ Ұлттық құқық Жоғары мектебі оқытушылары Мәскеу қ. О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң академиясында квалификацияларын көтеріп қайтты.

2012 жылдың 3-13 желтоқсанында Университет магистранттары Больня университетінде (Италия) тәжірибе жинақтап қайтты.

«ҚазГЗУ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының шешімі негізіндегі Басқарма Төрағасының бұйрығымен 2013 жылдың 29 сәуірінен «ҚазГЗУ» АҚ ректоры лауазымына з.ғ.к. Нарикбаев Талғат Мақсұтұлы тағайындалды.

ҚазГЗУ құрылуының 20 жылдығы қарсаңында, ректор Т.М. Нарикбаев университеттің тың мақсаттарын айқындайтын жаңа логотипін бекітіп, «2013-2020 – Вуз мирового уровня» Даму стратегиясын қабылдады.

2013 жылғы ұлттық рейтинг көрсеткіші бойынша ҚазГЗУ қазақстандық жоғары оқу орындары арасында «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша 1-ші орын, «Юриспруденция» мамандығы бойынша 2-ші орынды иеленді.

ҚазГЗУ қабырғасында 2012 жылдан «1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні» мерекесі аталып өтіп келеді.

2014 жылы Қазақстанның 8 беделді жоғары оқу орындарының бірінші Консорциумы өтті. Консорциумға қатысқан оқу орындары: Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ гуманитарлық заң университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті, Халықаралық бизнес академиясы, Назарбаев Университеті және КИМЭП.

2014 жылдың 11 қаңтарында ҚазГЗУ ректоры Т.М. Нәрікбаев инициативасымен, «2013-2020 – Вуз мирового уровня» ҚазГЗУ Даму стратегиясын жүзеге асыру аясында Лидерлікті дамыту бағдарламасы іске қосылды.

2014 жылдың 5-6 ақпанында ҚазГЗУ қызметкерлері Білім беру сапасын қамтамасыз ету Тәуелсіз агенттігі ұйымдастыруымен Қазақстан университеттері, сондай-ақ жоғары білім беру саласы жөніндегі шетелдік агенттік өкілдерін біріктірген семинарға қатысты.

2013-2014 жж. халықаралық кездесулер: Гонконг университетінен Йоргенсен (Қытай Халық Республикасы); Сеул Ұлттық Университеті өкілдері, (Оңт. Корея Республикасы); DAAD өкілдері; Мадрид католиктік университеті профессоры Antonio Alonso Marcos, (Испания); Малайзия делегациясы; Европа Комиссиясы делегациясы М. Бенедетти, (Бельгия); Пенсильвания мемлекеттік



Әскери дайындық кафедрасын аяқтаған курсанттарды құттықтау (29.06.2013).

университетінің Құқық мектебі өкілі; ҚР Корей Республикасы елшісі Пэк Чухен; Ноттингем университетінің құрметті профессоры К. Дей, (Ұлыбритания); Й. Юнгман, (Германия); Германия Федеративті Республикасы елшілігінен; ҚР Корей Республикасы елшілігінен Сон Гым Ён, Корей Республикасы делегациясы; ҚР Жапон елшісі М. Камохара; UBIS президенті П. Фанели.



ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған университет іс-шарасынан. Астана қ. (16.12.2011)

2014 жылдың 6 ақпанында ҚазГЗУ-де ҚР Сыртқы істер министрлігі өкілдері делегациясы: жауапты хатшы А.А. Мусинов, әкімшілік және бақылау Департаментінің директоры К.А. Саржанов, әкімшілік және бақылау департаменті кеңесшісі С.Т. Кулжанов болды. Кездесу барысында тәжірибе өту базасы мен халықаралық құқық және аударма ісі бітіруші университет түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылды, келісім шартқа қол қойылды.

2013 жылдың 2 мамырында Қылмыстық іс жүргізу зерттеулері мен коррупцияға қарсы әрекет ҒЗИ кеңейтілген отырысы өтті. ҒЗИ отырысына: Потсдам университеті (Германия), Москва экономика және құқық академиясы (Ресей Федерациясы), РФ ІІМ Краснодар университеті (Ресей федерациясы), РФ ІІМ Москва университеті (Ресей Федерациясы), О.Е. Кутафин ат. Мәскеу мемлекеттік заң университеті (Ресей Федерациясы), Федералды Қиыршығыс университеті (Ресей федерациясы) профессорлары қатысты. 2013 жылдың 17 маусымында ҚазГЗУ Сот экспертизасы институтында

2013 жылдың аудан прокуроры резервіне алынған қызметкерлер кәсіби дайындықтан өтті.

2013 жылдың 10 мамырынан 10 қыркүйегі аралығында ҚазГЗУ оқытушы құрамы мен қызметкерлері халықаралық «Болашақ» стипендиясымен Ұлыбританияда (Brunel University, London, UK) ғылыми тәжірибе жинақтауда болды.

2014 жылдың 8-20 қаңтары аралығында ҚазГЗУ магистранттары партнер-университеттер: Одесса ұлттық заң академиясы (Украина), Asia Pacific University of Innovation and Technology (Малайзия), Lorraine University (Франция), О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң академиясы (Ресей Федерациясы), Стамбул университетінде (Түркия) ғылыми тәжірибе жинақтаудан өтіп қайтты.

2013 жылдан Ф. Джессоп атындағы Ұлттық турнир ағылшын тілінде өте бастады. Ұлттық турнир жеңімпаздары ретінде ҚазГЗУ студенттері 2014 жылдың 6-12 сәуірінде АҚШ Вашингтон қ. 55-ші рет өтетін «Джессоп кубогы-2014» халықаралық турниріне қатысуға жолдама алды. ҚазГЗУ командасы құрамы: А. Тусупов, Р. Садртдинов, М. Беркалиева, А. Катренов. Тренер доктор PhD Дауленов Мирас Мухтарович болды.





2014 жылдың 13 ақпанында ҚазГЗУ магистранты Л. Испенбетова РФ СІМ Дипломатиялық академиясында өтетін «Теоретический симпозиум 2014», Халықаралық симпозиумына, ҚазГЗУ студенті А. Асыкпаева 2014 жылдың 23 ақпанында Маршалловы аралы, Маджурода өтетін Хибакуся (ядролық сынақ құрбандары) Дүниежүзілік бағдарламасымен студенттердің Бірінші Халықаралық симпозиумына қатысты. ҚазГЗУ қалыптасқан дәстүрлері: «Студенттіке қабылдау», «Бітіруші-түлектер кеші» жылдан-жылға жалғасып келеді.

Оқу орнының 1994-2014 жылдар аралығындағы алғашқы онжылдықтары еліміздің құқық реформасын жүзеге асыру және республиканың заң кадрлары жөніндегі қажетін қанағаттандыруға бағытталды.

Бүгінде ҚазГЗУ іргелі, әрі жетекші оқу орны ретінде, ҚР білім беру реформасын жүзеге асырудың көшбасшылық бағыттарын айқындауда.

Ұлтымыз «Көздеген мақсатқа: бауырлап жылжып жылан да жетер, самғай ұшып қыран да жетер»,- дейді. Биік мақсаттарды бағындыру, «Жеті Жарғыны» бекіткен Тәуке ханның көшжолында бой көтерген Қазақ гуманитарлық заң университетінің еншісінде болуы заңдылық.



ҚазГЗУ МВА түлектері (22.06.2013)




ҚазГЗУ магистранттары Малайзияда ғылыми стажировкада (8-20.01.2014)

***И. Б. Медешева: Из истории КазГЮУ.***

*Статья посвящена 20 летней истории Казахского Гуманитарно-Юридического Университета, который был основан после получения независимости. Раскрыта история становления и развития университета на основе материалов музея КазГЮУ и архивных фондов. В статье представлены ректоры вуза, развитие университета в Алматы и передислокация его в Астану, строительство новых корпусов, совершенствование учебной и научной деятельности, расширение международных связей, роль в реализации правовой реформы в Казахстане.*

*Ключевые слова: Указ Президента РК, КазГЮУ, ректор, выпускник, золотая книга, кубок Джессопа, кафедра, факультет, высшая школа, стратегия развития.*

**I. Medesheva: from history of KAZGUU University.**

*This article is devoted to 20 years history of KAZGUU University which was founded in historical time of getting independency. The history of foundation and development of the University is discovered on the funds of KAZGUU museum and archives. There are information University rectors, University development in Almaty and its movement to Astana, construction of new buildings, study and research activity improvement, to strengthen international ties, the role in realization reforms in Kazakhstan.*

*Keywords: message from the President of Kazakhstan, KAZGUU, Rector, student, graduate, golden book, Jessup moot court cup, department, faculty , higher school, research institute, development strategy.*